

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақтөбе облысы

№202

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы, 17.02.2021 ж. №25 Бас сенімхат негізінде әрекет ететін филиал директоры Гельманов Сагинтай Темирбулатович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП ЛОРЕНЦ, свидетельство о гос.регистрации негізінде әрекет ететін Басшысы Дракшас Галина Гербертовна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2021-05-19» жыл № 5840416-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 2 108 700.00 (екі миллион жүз сегіз мың жеті жүз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
«Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері) туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбамен, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күннің ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса



алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалармен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10947 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары) сәйкес беріледі.

Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген «СТ-KZ» тауардың шығу тегі туралы сертификаттың Уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 5) тармақшасының талаптары тек құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады.

Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы



сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2021-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Оның жеткізінде осы Шарт және электрондық цифрлік қолтаба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Занда көзделмеген қолдауды көрсету;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бкөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы
Актюбинская область, г.Актобе,
Актюбинская, 47\ 1
БСН 150741017580
БСК HSBKZKX
ЖСК KZ226017121000000510
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8 /7132/50-77-85, 50-74-04
(бухгалтерия), 50-73-02 (госзакуп)
филиал директоры Гельманов Сагинтай Темирбулатович

Өнім беруші:

ИП ЛОРЕНЦ
Южно-Казахстанская область,
г.Шымкент, Аль-Фарабийский район,
пр.Айбергенова, 8, 1
БСН/ЖСН 520911400720
БСК SABRKZKA
ЖСК KZ38914122204KZ00SLT
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Тел.: 87252500579
Басшысы Дракшас Галина Гербертовна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 5840416-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2021 қаржылық жыл												
41415749-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	қан сарысуындағы хантавирусқа М сыныптағы иммуноглобулинін иммундық ферментті анықтау үшін	Ханта-IgM. Адам қанының сарысуындағы (плазмасындағы) хантавирустарға иммуноферментті анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтама жиынтығы)	Жиынтық	1	69 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	69 000.00
2021 қаржылық жыл												
41414250-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	полимераздық тізбектік реакция әдісімен биологиялық материалда оба таяқшасының ДНК анықтау үшін	"Yersinia enterocolitica / pseudotuberculosis-FL" будандастыру-флуоресценттік детекциямен полимераздық тізбектік реакция (ПТР) әдісімен қоршаған орта объектілерінде және клиникалық материалда Yersinia enterocolitica вирулентті және авирулентті штамдарының және Yersinia pseudotuberculosis штамдарының ДНК-ны анықтауға және саралауға арналған реагенттер жиынтығы (55 анықтамалар жиынтығы). Кері транскрипция және полимеразды тізбектік реакция әдісімен кейінгі талдау үшін клиникалық материалдан (перифериялық қан плазмасы, ликвор, амниотикалық сұйықтық, мұрыннан, жұтқыншақтан, сілекейден жағындылар) жаппай РНК/ДНК экстракциясына (бөліндісіне) арналған реагенттер жиынтығы бар толық жиынтық.	Жиынтық	2	180 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (2)	0	360 000.00



2021 қаржылық жыл												
41416011-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Диагностикум	бактериялық	Өк-IgG. Иксодты кене боррелиозының қоздырғыштарына G класты иммуноглобулиндерді иммуоферментті анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтамалар жиынтығы)	Жиынтық	1	50 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	50 000.00
2021 қаржылық жыл												
41414170-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	полимераздық тізбектік реакция әдісімен биологиялық материалда оба таяқшасының ДНК анықтау үшін	"Listeria monocytogenes-скрин/монитор-FL" полимеразды тізбектік реакция (ПТР) әдісімен биологиялық материалдағы Listeria monocytogenes ДНК-ны анықтауға арналған реагенттер жиынтығы. Кері транскрипция және полимеразды тізбектік реакция әдісімен кейінгі талдау үшін клиникалық материалдан (перифериялық қан плазмасы, ликвор, амниотикалық сұйықтық, мұрыннан, жұтқыншақтан, сілекейден жағындылар) жаппай РНК/ДНК экстракциясына (бөліңдісіне) арналған реагенттер жиынтығы бар толық жиынтық.	Жиынтық	2	50 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (2)	0	100 000.00
2021 қаржылық жыл												
41413579-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	полимераздық тізбектік реакция әдісімен биологиялық материалда оба таяқшасының ДНК анықтау үшін	Brucella spp бактерияларының ДНК - ны анықтауға арналған реагенттер жиынтығы. Биологиялық материалда және микроорганизмдер дақылдарында будандастыру-флуоресценттік детекциямен полимеразды тізбектік реакция (ПТР) әдісімен "Brucella spp.- FL", FRT нұсқасы, ДНК-ны бүкіл қаннан, плазмадан, биопаттардан, фекальды сығындылардан, зәрдің жасушалық шөгінділерінен, сілекейден, ликвордан, қақырықтан, бронхо-альвеолярлы лавадан және бронхтың жуу суларынан бөлуге арналған реагенттер жиынтығымен толық.	Жиынтық	4	110 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (4)	0	440 000.00
2021 қаржылық жыл												
41417132-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	көенелік энцефалит вирусына М сыныптағы иммуноглобулиндерді имундық ферментті анықтау үшін	Ніл-IgM. Адам қанының сарысуындағы (плазмасындағы) Батыс Ніл вирусына m класындағы иммуоферментті иммуноглобиндерді анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтама жиынтығы).	Жиынтық	1	86 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	86 000.00
2021 қаржылық жыл												



41414645-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	пассивті гемагглютинация реакциясымен қан сарысуындағы іш сүзегі қоздырғышының антигеніне антиденелерді анықтауға арналған	Листерия О-С, иммуноферменттік талдау әдісімен О Листерииолизиніне С класының антиденелерін анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтамалар жиынтығы)	Жиынтық 1	35 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	35 000.00
2021 қаржылық жыл											
41415049-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Диагностикум	бактериялық	ИФТ-анти-Ку № 1 жиынтық (Ку-риккетсиоз қоздырғышына IgG-антиденелерді анықтау) (96 талдау жиынтығы)	Жиынтық 2	124 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (2)	0	248 000.00
2021 қаржылық жыл											
41415939-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	кенелік боррелиоз қоздырғыштарына М сыныптағы иммуноглобулиннің иммундық ферментті анықтау үшін	Әк-IgM. Иксодты кене боррелиоздарының қоздырғыштарына М класындағы иммуноглобулиндерді иммуноферментті анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (Лайма ауруы) (96 анықтамалар жиынтығы)	Жиынтық 1	52 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	52 000.00
2021 қаржылық жыл											
41413898-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	полимераздық тізбектік реакция әдісімен боррелий ДНҚ/кене энцефалитінің РНҚ вирусын анықтау үшін	Жаңа алынған қаннан, плазмадан, биопаттардан, фекальды сығындылардан, несептің жасушалық тұнбасынан, сілекейден, ликвордан, қақырықтан, бронхо-альвеолярлы лаваждан және бронхтың шаю суларынан ДНҚ бөлуге арналған реагенттер жиынтығы. (100 анықтама жиынтығы)	Жиынтық 1	29 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	29 000.00
2021 қаржылық жыл											
41413671-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	полимераздық тізбектік реакция әдісімен боррелий ДНҚ/кене энцефалитінің РНҚ вирусын анықтау үшін	"Bacillus anthracis-FRT" нақты уақыт режимінде будандастыру-флуоресценттік детекциямен полимеразды тізбектік реакция (ПТР) әдісімен биологиялық материалда және қоршаған орта объектілерінде Bacillus anthracis ДНҚ-ны анықтауға арналған реагенттер жиынтығы.	Жиынтық 1	110 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	110 000.00
2021 қаржылық жыл											



41415472-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	иммуноферменттік талдау әдісімен хантавирустар антигендерін анықтауға арналған	"Хантагност."Хантавирус антигендерін анықтауға арналған иммуноферменттік тест-жүйе. 12 компоненттен тұратын жиынтық	Жиынтық 1	62 700.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	62 700.00
2021 қаржылық жыл											
41414495-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	Қырым-Конголық геморрагиялық безгегі вирусына антигенін иммундық ферментті анықтау үшін	Қырым-КГЛ-антиген Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы вирусының антигенін иммуноферментті анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтама жиынтығы)	Жиынтық 2	68 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (2)	0	136 000.00
2021 қаржылық жыл											
41417031-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Реагенттер жинағы	кенелік энцефалит вирусына М сыныптағы иммуноглобулиндерді иммундық ферментті анықтау үшін	VKE-Ig M. кене энцефалитінің вирусына m класындағы иммуноглобулиндерді иммуноферментті анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтама жиынтығы).	Жиынтық 1	43 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	43 000.00
2021 қаржылық жыл											
41416680-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Диагностикум	бактериялық	ВКЭ-антиген. Кене энцефалиті вирусының антигенін иммуноферментті анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтама жиынтығы)	Жиынтық 1	42 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	42 000.00
2021 қаржылық жыл											
41417216-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Диагностикум	бактериялық	Нил-IgG. Адам қанының сарысуындағы (плазмасындағы) Батыс Нил вирусына G класындағы иммуноферментті иммуноглобиндерді анықтауға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтама жиынтығы).	Жиынтық 1	79 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	79 000.00
2021 қаржылық жыл											



41417299-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Тест-жүйе	жануарлардың лептосирозын анықтау үшін	ИФТ-анти-ЛЕП-М № 1 жиынтық (лептоспироз қоздырғышына IgM-антиденелерді анықтау) (96 талдау)	Жиынтық	1	124 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	124 000.00
2021 қаржылық жыл												
41416747-ОИ4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	Диагностикум	бактериялық	ВКЭ-IgG. Кене энцефалитінің вирусына G класындағы иммуноглобулиндерді иммуноферментті жоюға арналған реагенттер жиынтығы (96 анықтама жиынтығы).	Жиынтық	1	43 000.00	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шарт жасалған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Астана ауданы Ақтөбе көшесі 47/1 (1)	0	43 000.00



Договор о государственных закупках товаров

Актюбинская область

№202

Филиал Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения "Национальный центр экспертизы" Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Актюбинской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает директор филиала Гельманов Сагинтай Темирбулатович, действующий на основании Генеральной доверенности №25 от 17.02.2021г., с одной стороны и ИП ЛОРЕНЦ, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Дракшас Галина Гербертовна, действующий на основании свидетельства о гос.регистрации, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2021-05-19 года № 5840416-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

